деревянной раме под стеклом. Это редкие фотографии Каныша Сатпаева и его родственников 1920-60-х годов, портрет Абдикарима Сатпаева. Это очень ценная память для всей нашей семьи, яркое впечатление моего детства.

Уже позже я узнал о заслугах Каныша Сатпаева в развитии Жезказганского рудного месторождения и в создании Национальной Академии наук КазССР, о его неоценимом вкладе в победу в Великой Отечественной войне и в создание канала Иртыш-Караганда.

Каныш Сатпаев родился и вырос в большой семье, у него было три брата – родной и двое двоюродных. Родной брат Газиз Имантаевич Сатпаев имел хорошее образование и отвечал за всю семью. В 1925-30-х годах он активно включился в работу по становлению и развитию Советской власти, работал председателем Правления Аккелинского потребсоюза, создавал кооперативы.

Абикей Зеинович Сатпаев, видный деятель народного просвещения, был членом народно-освободительного движения «Алашорда». Он тесно работал с Ахметом Байтурсыновым, Алиханом Бокейхановым, Мыржакыпом Дулатовым и другими видными деятелями Казахстана. Абикей Сатпаев был старше Каныша на 18 лет и оказал большое влияние на младшего брата. В одной из анкет Каныш Имантаевич писал: «За полученное образование считаю обязанным на всю жизнь двоюродному брату, старому интеллигенту Абикей Зеиновичу Сатпаеву».

Моя мать Райхан Тлеубеккызы Когабаева – внучка Абдикарима Сатпаева, другого двоюродного брата Каныша Имантаевича. Абдикарим тоже участвовал в движении «Алашорда». По словам академика Алкея Маргулана, он искусно играл на музыкальных инструментах, особенно на скрипке. Все три брата бесследно исчезли в тюрьмах в 1935-1938 годах. Только благодаря писателю Медеу Сарсекееву удалось найти место гибели Абдикарима Сатпаева.

Мои родители много рассказывали о Каныше Сатпаеве. Вспоминаю такой случай: однажды в середине 20-х годов, когда Каныш Имантаевич работал народным судьей 10-го участка города Баянаула, ему пришлось судить богатого человека по имени Есимбай. Когда объявили приговор – 10 лет тюрьмы, пожилой богач вместо того, чтобы возражать, неожиданно громко засмеялся.

Молодой Каныш Сатпаев спросил:

– Ақсақал, почему смеетесь?

Есимбай ответил:

– Спасибо, Канышжан, что дал мне 10 лет, тем самым ты мне продлил жизнь на 10 лет. Мне сейчас 70. Я ровесник твоего отца Имантая. Передай привет от меня...

Говорят, после этого случая Каныш глубоко задумался и по совету старшего брата Абиkey уехал учиться в город Томск.

До самого конца жизни Каныш Имантаевич высоко ценил образование. Именно поэтому он столько вложил в создание и развитие Казахского горно-металлургического института, через много лет ставшего Satbayev University. Вместе с другими маститыми учеными Каныш Сатпаев развивал и поддерживал работу первого технического института Казахстана. Тесно сотрудничая с институтом и с учеными этого вуза, Каныш Сатпаев положил начало развитию металлогенической науки в Казахстане.

В 1937-1939 годах Сатпаев был председателем Государственной экзаменационной комиссии, в 1960-1961 годах руководил проектом профессоров И.И. Бека и Г.Ц. Медоева, под его личным руководством была подготовлена прогнозная металлогеническая карта Центрального Казахстана.

При этом Каныш Имантаевич был очень деликатным человеком и никогда не поправлял человека, если тот ошибался. Однажды на встрече с избирателями Осакаровского района ведущий встречи, перечисляя заслуги и должности академика Каныша Сатпаева, допустил маленькую неточность, может быть, оговорился. Каныш Сатпаев деликатно, не возражив и не смутившись, промолчал. Потом он так объяснил эту ситуацию своему окружению: «Айта берсін. Жамандап жатқан жоқ қой. Пускай говорит. Он про меня плохого ничего не сказал».

В 1947 году вместе с другими учеными Каныш Сатпаев посетил Англию. В одном крупном музее он увидел самородок меди величиной с лошадиную голову. Этот самородок был представлен как руда из африканского месторождения. Каныш Имантаевич сразу понял, что этот экспонат из Жезказгана, но не стал спорить со служащими музея. Попросил лупу. Внимательно изучил самородок. Увидев следы тонкозернистых песчаников, которые бывают только в степной зоне, сказал: «Он привезен из казахских степей». На следующий день работники музея извинились за ошибку.

Многие люди высоко ценили Сатпаева за его искренность, интеллигентность, за то, что он привносил в их жизнь. Медеу Сарсекеев вспоминал о том, как собирал материал о Сатпаеве и встретился с министром среднего тяжелого машиностроения, трижды героем СССР Ефимом Павловичем Славским.

Как-то Ефим Павлович указал на три Золотые звезды на своей груди и сказал:

– Одна не моя, она принадлежит Канышу Имантаевичу. Ее присвоили за находку месторождения на полуострове Мангышлак. Именно академик Сатпаев понял и настоял на том, что надо идти именно туда. В результате мы нашли большие залежи урана, за которые правительство СССР и вручило награду.

Преданность Каныша Сатпаева науке и образованию оказало большое влияние на всю нашу семью, помогла проявить свои таланты. Райхан и Раушан, дочери Абиkey Сатпаева, стали известными медиками. Шамшиябану Сатпаева, дочь Каныша Имантаевича, выпустила в 1999 году книгу «Свет очага – Сәулелі әулет» о ближайшем окружении своего отца. Она часто общалась с нашей семьей, особенно с моим отцом, членом Союза писателей Казахстана Когабаем Жумагали Бижанулы.

Старшая сестра моего отца Когабая – Шынар Жумагалиқызы по образованию энергетик, по призванию художник-орнаменталист. Она рисует необычные орнаменты, изображающие животных и растительный мир Казахстана. В 1998 году знаток искусства, государственный деятель Имангали Тасмаганбетов оценил картины Шынар как «возрождение сакско-звериного стиля».

Сестра моей матери – Карашаш Жаминава в 2016 году участвовала в республиканском конкурсе «Мерейлі отбасы». Ее муж – шахтер Рышад Амренов, он – Герой труда РК, а их дети работают на угольном разрезе «Восточный».

Я сам получил два высших образования и занимаюсь внедрением «умных» почтовых терминалов по выдаче посылок, купленных в интернет-магазинах. Каждый из нас вносит свой вклад в развитие и счастье нашей родины.

Абай Кунанбаев сказал: «Ученый и мыслитель – гордость человечества». Я думаю, яркая жизнь Каныша Сатпаева для молодежи Казахстана является путеводной звездой. Қазақша айтқанда, атамыздың басына түскен қиыншылық бізге түспесін. Бірақ қиындық болмай қызық болмайды. Сол арқылы адам шыңдалады. Жизнь и деятельность Каныша Сатпаева для нас большой пример.

Мы, новое поколение казахстанцев, сможем ли совершить новые открытия и достигнуть в науке таких же высот как Каныш Сатпаев? Этот вопрос должен волновать каждого из нас.

Алишер Когабаев





ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ КОМЕДИЯНЫҢ ДӘУІРІ АЯҚТАЛАТЫН КҮНДЕ АЛЫС ЕМЕС



ҚАНАҒАТ МҰСТАФИН
Режиссер, сценарист.

Сіз үшін режиссер ретінде кинода не маңызды?

– Мен үшін кинода ең маңызды нәрсе – сценарий. Егер де сценарий жақсы болмаса, онда фильмінде Голливудтың жұлдыздары ойнасын, операторыңыз, командаңыз мықты болсын – бәрібір, әлсіз оқиғамен жақсы туынды шықпайды. «Он алты қыз» комедиясын түсірмес бұрын, менің қолымда сценарийдің сегіз нұсқасы болды. Соңғысын жазып аяқтағанда, фокус-группа құрдым да, сценарийді жиырма адамға оқытып көрдім. Сол жерде «мына тұсы қызық емес сияқты» деген бірнеше адамның ойы бір жерден шықты. Мен дәл сол сахнаның өзіме ұнап тұрғандығына қарамастан, дереу сценарийді өзгерттім. Осылай үлкен жобаларға мен үнемі фокус-группа жасаймын.

Қазақстандық сериалдар туралы қандай пікір-десіз?

– Қазір шағын продакшндер өте көбейіп кетті. Соған қарамастан, өнімнің сапасыздығы туралы мәселе әлі айтылып келеді. Бірақ жақында «Хабар» арнасы бұл жағдайға байланысты өте жақсы шешім қабылдапты. Егер қателеспесем, бұл еңбек шартының бір пунктіне арнайы кіргізілген екен. Яғни, егер тапсырыс алушы продакшнның ұсынып отырған сериалы телеарнаға қажетті рейтингке жете алмаса, онда продакшн осы жобаның шығынының 25% қайтаруға міндетті деп есептелінеді. Меніңше, бұл отандық телехикаялардың сапасын көтеруге жасалған бірден-бір ұтымды шешім деп есептеймін.

Соңғы кезде қатты сынға ұшырап жүрген той комедиясы туралы жыр Қазақстандық режиссерлерді алдағы уақытта басқа жанрдағы киноның басқа дәуірін бастауға алып келмей ме? Егер бұл бастама жолын тапса, сіздің ойыңызша

жанрлық киноның қай түрі жергілікті аудиторияны қызықтыра алуы мүмкін?

– Ия, дұрыс айтасыз, соңғы кезде, шынымен де, той туралы фильмдер өте көбейіп кетті. Өзім де комедия жанрында қазақтың қыз ұзатуы туралы «Той любой ценой» деген фильм түсірдім. Кинотеатрларда өте жақсы жүрді, кассасын айтарлықтай жинады. Бірақ қазіргі таңда той туралы комедиялар өте көп болып кетті. Қазақ киносындағы комедияның дәуірі аяқталатын күн де алыс емес. Себебі, есіңізде болса, осыдан он жыл бұрын рэкетиры, бригада, бумер тақырыбы аса сәнді болатын. Оның жарқын көрінісі ретінде Ақан Сатаевтың «Рэкетир» фильмін айтуға болады. Қазір енді халық үшін комедия жанры жақсы сұраныста болып тұр. Қандай жанр қазақстандық аудиторияны қызықтыра алады деген сұраққа мен нақты жауап бере алмаймын. Ол хоррор, триллер, ужас, боевик жанрларының кез келгені болуы мүмкін. Бірақ бұл жанрларда фильм түсіру үлкен көлемдегі қаржылық шығынды талап ететіндігі белгілі. Ал комедияны өте шағын бюджетке алып шығуға болады. Дегенмен де, алдағы бірнеше жылда қазақ киносында үлкен өзгерістер орын алып, жаңа тенденциялар пайда болатындығына сенемін.

Кино- өнер де, кино – сауда. Соңғысы туралы айтсақ, көрермен сұранысы деген принцип алға шығады. Халықтың артынан ере беру қазіргі Қазақстандық коммерциялық киноның құнын түсіріп жіберген жоқ па?

– Алдымен Қазақстанда коммерциялық киноның өзі бар ма деген сұрақ туындайды. Себебі біздің халқымыздың саны өте аз, бар болғаны он жеті-он сегіз миллионбыз. Мысалға алатын болсақ, бір Мәскеудің өзінде кинотеатрлар саны біздегі бүкіл қазақстандық кинотеатрлардың санымен бірдей. Сол себептен өзіңіз ойлап қараңыз, Ресейде Мәскеуден өзге қаншама үлкен қалалар бар. Сондықтан біз барлық кинотеатрларға ең көп дегенде жетпіс данамен шығатын болсақ, ал оларда бес жүз, алты жүз. Яғни, бізден бес-алты есе көп деген сөз. Сондықтан да бізде таза коммерциялық кино бар деп айтудың өзі қиын. Бірақ соған қарамастан, отандық туындылардың шетелдік кинолардан еш жері кем емес деп айта аламын. Саннан біртіндеп сапаға қарай жылжып келеді. Қазір кинода жүрген жастардың басым көпшілігі шетелден оқып келген кәсіби мамандар. Олар қолда бар аз бюджетке кино түсіріп, өз көрермендерін тауып жатыр. Себебі үйін сатып, кредит алып фильм түсірген біраз әріптестерімді мен білемін. Өкінішке орай, нәтижесінде касса шығынды жаба алмай, біразы үлкен қаржылық қиыншылықтарға тап болды. Сондықтан ойындағы идеяны экранға әкелу үлкен тәуекелге баруды қажет етеді.

«Менің режиссерлық позициям- көрерменге белгілі бір идеологиялық месседж тастау» деген екенсіз бір сұхбатыңызда. Егер қателеспесем, сіз бұл жерде отандық туындылардың негізінде толыққанды қазақ тілінде сөйлегенін және барынша қазақи салт- дәстүрлерді көрсетуді, дәріптеуді меңзеп отырсыз. Бірақ бүгінде дәстүрлі қоғамнан модернизацияланған өркениетті азаматтық қоғамға өту үстіндегі ел үшін экранда кейбір керітартпа түсініктерді қайта өңдеп, өндіре беру бұл қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?

– Мен «Он алты қыз» фильмі арқылы «Бел құда» салтын жаңғыртып, өсіп келе жатқан жастарға көрсеткім келді. Бұл салттың не екендігін білмейтін көрермендер

бұны «Гуглден» іздейді және кинодан шыққаннан кейін, сол жастардың арасында бұл салт туралы түсінік қалыптасады ғой. Сонымен қатар менің «Ең сұлу» фильмім де дәл солай. Негізінде экранды салт-жоралғылармен толтыру немесе боямалау менің мақсатым болған жоқ, өзіңіз байқағандай, дәстүр көріністері тек кейбір сахналарда ғана көрсетіледі. Егер сіз ұлттық құндылықтардың белгілерін экранда өзінің орнымен дұрыс қоя білсеңіз және оны көрерменнің бойына еш жарнамасыз, айқайсыз, табиғи түрде сіңіре алсаңыз, ол үлкен жетістік емес пе?! Әрине, мен бұны әрбір қазақ режиссеріне міндеттемеймін, кез келген нәрсе әркімнің өз қызығушылығына қарай болады. Менің негізгі көрермендерім – жастар. Олардың экраннан өз ұлтының шынайы бейнесін, салт-дәстүрлерін көрулеріне қақылары бар ғой. Бұл менің кинодағы өз қағидам. Себебі қазір киноға баратын көрермендердің жас мөлшері негізінен 14–17 жасты құрайды. Ата-аналармен қатарлас өскен кісілердің басым бөлігі негізінен орыс тілінде тәрбиеленген, олар ұлттық дәстүрлерден алыс. Сондықтан да, әрине, біздегі қазіргі бала тәрбиесінде үлкен сұрақтар көп. Тіпті біз осы жоба барысында өз аудиториямызбен сауалнама жүргізіп те көрдік. Нәтижесінде көрермендердің жартысынан астамы көп нәрседен хабарсыз екендеріне көзім жетті. Сол себепті болашақта қай жанрда жұмыс жасасам да, осы қағидамды берік ұстауға тырысамын.

Сіздің алғашқы мамандығыңыз заңгер болған екен. «Жақсы заңгер болуға болады, бірақ заңды өзгерту қиын» деген екенсіз. Дегенімен де, өзгермейтін заңға деген қоғамдық көзқарасты өзгерту арқылы жақсы режиссер болуға болады емес пе, қалай ойлайсыз?

– Негізі, алғашқы мамандығым – баскетболдан жаттықтырушы. Ал заңгерлік менің екінші мамандығым. Қазір Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының магистратурасына оқуға түсіп жатырмын. Негізі, сұхбатта менің айтайын дегенім басқаша еді. Режиссер ретінде сен фильмде өз көрерменіңді 2+2=4 емес, 2+2=5 болатындығына сендіруге мүмкіндігің бар. Ал егер сен заңгер болатын болсаң, таңнан кешке дейін бір жерде қағазбен отырарсың, күндерің қайталан береді. Және 2+2=5 деп жазып көр, ертеңіне жұмыстан қуыласың, солай емес пе?! Сол сияқты ғой. Жалпы, маған не үшін кинорежиссер мамандығы ұнайды? Мысалы, мен енді жарты жылдан кейін қайда болатынымды білмеймін, ешқашан кесіп айта алмаймын. Өйткені үнемі ізденіс үстінде жүремін, алда жаңа жобалар күтіп тұрады. Ал үнемі қозғалыста болу дегеніңіз – шығармашылық пен жасампаздық. Және киноның құдіреті де сонда, мықты шығармашылық потенциал арқылы алдындағы көрерменін бөріне сендіре алады. Сондықтан, сіз айтып отырғандай, кино үлкен құрал, экран арқылы өзгермейтін, қатып қалған заңдарға деген қоғамдық көзқарасты өзгерту арқылы шындығында да үлкен толқын тудыруға болады.

Қазіргі Қазақстандық артхаус фильмдердің негізгі кейіпкерлері -социопаттар. Жанрлық киноның өкілі ретінде сіздің ойыңызша, сіздің фильмдеріңіздегі негізгі кейіпкерлер кімдер? Кейіпкер жасауда сіз не нәрсеге баса назар аударасыз?

– Кейіпкерлерімді өмірден алуға тырысамын. Фильмдерімнің басым көпшілігінде өзім сценарист болып

қатысамын. Жалпы, мен адам бойындағы шынайылықты аса құрметтеймін. Өнерде де солай. Кейіпкерлерімді ойдан, қолдан құрастырғым келмейді. Маған айналымдағы қарапайым адамдардың өмірі қызық. Мен оларды сырттай бақылаймын, зерттеймін, содан кейін барып менің көз алдымда образдар галереясы қалыптасады. Актерлардан да сол адамның өмірін өзі сүріп жатқандай, экран алдында еркін, шынайы ойнағандарын талап етемін. Ия, психопаттар мен социопаттар туралы артхаус фильмдер түсіріп жүрген біраз адамдарды білемін. Бірақ менің ойымша, белгілі бір шағын аудиторияға арналған мұндай фильмдер мемлекеттің қаржысына түсірілмеуі тиіс. Әрине, өнерде орын алып қалу үшін, әркім әрқалай тырысады ғой. Бірақ дегенмен де, мемлекеттің ақшасына түсірілген сондай туындылардың кейбірі шетелдерде қазақтың өмірін жұрт шошырлықтай сүреңкі етіп көрсететіндері қаншалықты әділетті деген сұрақ туындайды.

«Адамдар айтады «мына сахнаны түсіретін мың жол бар ғой», - деп. Мен олай ойламаймын. Меніңше ол жерде тек екі ғана жол тұр. Оның өзінде біреуі сөзсіз дұрыс таңдау емес.» дейді аты аңызға айналған Дэвид Финчер. Оқиғаны кино тіліне айналдыру үшін әрбір сахнадағы әрбір кадр аса маңызды. Сәтті кадр табу сіз үшін ұзақ процесс пе?

– Менің кино өнерінде жұмыс жасап жүргеніме біраз уақыт болды. Осы уақытқа дейін он бестей телехикая, төрт толықметражды көркем фильм түсірдім. Мен үшін әрбір жоба үлкен мектеп болды. Қазір менде белгілі бір дәрежеде кәсіби маман ретінде тәжірибелік қор бар. Әрине, маған режиссер ретінде көркем фильм түсірген ұнайды. Әдетте алдымен белгіленген локация бойынша өзім ойша түсірілетін кадрлардың орындары мен құрылымдарын көз алдыма елестетіп анықтап аламын. Содан кейін біз бұл туралы оператормен ақылдасып, ең


тиімді соңғы нұсқаға тоқтаймыз. Өзіңе көреркті сәтті кадрды барынша жылдам табу бұл тек қана жұмыс тәжірибесі арқылы қалыптаспайды. Сонымен қатар өте көп фильмдер қарау керек. Мысалы, мен түсірілімнен бос уақытымды, еңбек демалысын негізінен кино қараумен өткіземін. Менің айтып отырған кино көру бұл жай

ғана көрермен сияқты басынан соңына дейін тамашалау емес, бұл зерттеу. Фильмнің өзіме қызық кадрларын қайта-қайта жүргізіп, толық бақылаймын, талдаймын. Міне, бұл да үлкен білім мен тәжірибе береді.


Сонымен, болашақтағы ең үлкен мақсат етіп қойған «Қажымұхан» фильмі туралы жобаңыздың көрермендерімен қауышатын сәті анықталды ма?

– Бұл жобаға дайындалып жүргеніме он жылдай болды. Қазір ол кісі туралы көптеген деректер қолымда бар, сценарий де дайын. Бірақ әлі соңғы нұсқасына тоқталмадық. Бұйырмаса, қаңтар айына дейін сценарий толықтай дайын болады деп жоспарлап отырмыз. Сосын келесі жылы бұйырмаса түсірілімді бастаймыз. 2021 жылы Қажымұқан атамыздың 150 жылдығы болады, соған орай 22 наурыз күні фильмнің алғашқы премьерасы болады деп отырмыз. Бір жарым жылға созылатын үлкен жоба болғандықтан, мен бұған үлкен жауапкершілікпен дайындалып жатырмын. Қазақ киносының тарихында қалатындай фильм шығаруға тырысамын.

Сұхбат бергеніңізге көп рахмет! Сәттілік тілейміз.



«КӨК ТҮСТІ» СТИВЕН КИНГПЕН СҰХБАТ




Стивен Кинг жан-жақты талантты тұлға: ол рок стиліндегі авторлық топта гитарада ойнайды, мен осы кездесуімізді пайдаланып, одан бұл аспапта қалай шебер ойнау керектігін үйренуге тырыстым. Ол сондай-ақ өзінің актерлік қабілетін көрсеткен Ричард Никсонның ролін ойнады. Ал бірақ ол жазуға келгенде, өте бірбеткей еді және қазіргі Америка өмірін құпиялы әрі тамаша формаға сала алған айлалы хроника жасаушы.

Біз білетін Кинг көп жылдар бойы жарқындылықтың жаршысы ретінде көрінді, сыншылардың айтқандарына пысықырып та қарамайтын. Оқиғаларды әдемілеп жеткізу жолында оны ештеңе де мазалай алмады. Кинг кәсіби жазушы деген ұғым туралы белсенді ойланды және соған жетті.

Бұл жыл ол үшін өте қауырт өткен сияқты. Шілде айында өзінің кезекті туындысы «Кім тапса, сол алады» (Finders Keepers) шығарды және қараша айында қысқа әңгімелерінің жаңа жинағы жарық көрмекші. Осы сұхбаттан кейін көп өтпей оған президент Барак Обаманың қолынан Өнердің Ұлттық Медалі (National Medal of Arts) табыс етілді.





Анджела Аллан: Танымал маркеттер қалай ықпалды бола алады және өздерінің имиджін қалай қалыптастырады? «Кім тапса, сол алады» сияқты «бренд атты» қалай жасайды дегенге қатысты сіз тамаша үлгі жасадыңыз. Авторлық иелік пен әдеби меншік туралы сұрақ бізді қызықтырады: сіздің жылдар бойғы жұмысыңызға қатысты өзіңіз үшін табысты деп саналатын имидж қалыптасты ма, бар ма?

Стивен Кинг: Жоқ. Мен осы негізгі жолымда өзімнің белгілі тұлғаға айналғанымды аңғардым, бұл жазушылар үшін ерекше дүние. Бірақ бұл, әрине, менің шығармашылығымның қалыптасып қалған бағытты жалғастыруға ниетсіздігінің жемісі деп түсінемін. Шындығында, жазушылар құпия агент болуды ойлай-

ды және біздер үздіксіз алға жылжып отырғандықтан, бәрін көреміз, сосын оларды мүмкіндігінше сыртқа шығарамыз. Кейде баяғы нәрселерге қайта оралған кезде менің ойым өзгере бастайды, менің көрегендерімнің бәрі түрін өзгерткен дүниелер екен, айтпақшы, халық та мені солай көреді. Мен әлі күнге дейін бұны әрі қарай терең зерттеуге тырысқан жоқпын, алайда солай, бұл өзгерістер күннен-күнге жалғаса берді.

Мысалы, кешкісін серуендеуге шыққанда, сыртта жүрген халық кітаптарына қолтаңба сұрайды, тіпті қонақ үйдің сыртына шықсаң да, олар тағы қолтаңба сұрап келіп жатады. Бірақ олар бұл әрекеттерін өздерінің үлкен әжесі үшін немесе соқыр ұлдары үшін жасап жатқанын айтады, ал шындығына келгенде, бұның

барлығы eBay немесе Крейгслист, не осыған ұқсас интернет дүкендерінің пайдасы үшін ғана болатын. Бұл маркетингтің ерекше мінезінің бір түрі ғана, сен мұндай әртүрлі әдістермен айналадағы кино, tv, рок жұлдыздарын біріктіре аласың. Бұл өмір терминологиясында әртүрлілікті құрайды. Бірде мен жазуға тиісті әңгімемен отырғанмын, менде бәрі жоғалып кетті. Мәдени араласулар, жанр туралы немесе сыншылардың көркемдік туралы болашақ пікірлері жайында да ештеңе ойламаймын. Бәрі жоғалып кетеді. Бірақ олар тек алғашқы жобада ғана ғайып бола тұратын. Сосын біраз уақыттан кейін сіз жазуға қайта оралғанда, олардың шынымен де маңызды екенін түсінесіз. Бұл мен үшін жарқын арпалыс.

– Сіз медиа тәжірибеңізде әртүрлі сайттарға инвестор болдыңыз. «Оқ үстінде атпен шабу» – алғашқы электронды кітабыңыз болды, бұл «Өсімдік» сериалымен жарияланды. Соңғы шығарғаныңыз «Мастанған отты жұмыс» аудиокітап ретінде көрінді. Сондай-ақ сіз телевидение, кино және сахна үшін де жаздыңыз. Өзіңіз қалай ойлайсыз, аудиторияңыз осы оқиғалардың лебімен әрі қарай жалғасты ма?

– Біріншіден, бұлардың көбі негізінен «Оқ үстінде атпен шабу» шығармасымен бірге жасалды, электронды кітап, сосын романдар сериалы, бірақ мұның барлығы «81 миля» мен «Ур» жасау туралы жоспардан туған болатын. Басқаша айтқанда, бұл мен жұмыс бастағанда және көрсеткенде, ішінде болмау технологиясының бір бөлігі ғана еді. Ал егер мен бұған тырыссам не болады? Бұл неге ұқсайды? Бұл жаңа гүлге ұқсайтын шығар. Егер саған отбасың қолдау көрсетсе, әрі табысты болсаң, бұл өте жақсы нәрсе. Банкке біраз ақша қойсаң, күннен-күнге қаржы жағынан бәрі дұрыс бола бастайды. Егер сен бір жаңа дүниені қаласаң, сен оған тырыса аласың. Сірә, кино мен телевидениенің істеп жатқаны дұрыс емес. Олар мені алдын ала жасап қояды және үлкен кеңістікке құрып тастайды. Менің алғашқы редакторым Билл Томсон «Кэрри», «Салемнің жеребесі», «Нур», «Түнгі кезек» жұмыстарына редактор болды. Оның «Кэрри» туралы былай дегені бар: «Бұл жазушы өз миының жобалаушысы». Осы шығармалардың көбі негізінен кино индустриясына сатылды, себебі олардағы ситуациялар қарапайым және визуальды кеңістікке жақын болды. Мен киномен өстім, бұл өнер менің бүкіл болмысымды қалыптастырды. Мен кино көріп отырып, оны оқитынмын да. Мен әр нәрсені көру жүйесімен (визуальды түрде) қабылдайтынмын. Бұл сезіну мен колледж оқып жүргенде күшейе түсті. Ол уақытта көптеген поэтикалық курстарға қатысатынмын. Дәл сол кезде халық түсінігінде елестету немесе көру идеясы туып жатқан, яғни айтуға тиісті дүниелердің бәрін алдымен көру керек. Демек, кейіпкердің көңіл-күйі нашар екенін сөзбен айтудың қажеті жоқ, оны көрсету керек, түсінікті болардай бір нәрсе көрсет – міне, керегі. Және бұл маған өте табиғи көрінеді. Көп фильмдердің сәтсіз шығатыны да сондықтан, яғни визуальды кеңістік жетпей жатады. «Мардымсыздық» және «Шоушенкадан қашу» сияқты қысқа шығармалар, меніңше, визуальды мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білді деп ойлаймын.

«Күмбез асты» – телевидение сериалы, күмбезді негізгі идея етіп ала отырып жасалған туын-

ды сәтті түскендіктен, қатарынан үш маусымын да шығарды. Бірақ бұл сәттіліктің кілті тек оның әдеби мықтылығында ма: характер, тақырып, дамуы, оқиғаның баяндалуы және тағы сол сияқты нәрселерге байланысты ма?! Сіз табысты бола алмасаңыз, әрине, бұларды сағынасыз. Мен көптеген фильмдерге сценарий жаздым және «Калейдоскоп қорқыныштары» өте табысты болды. Ал кейбіреулері мүлде табыс әкелген жоқ. Мен минисериалдарды жақсы көремін, олар бар болғаны үш-төрт бөлімнен тұрады. Меніңше, ең сүйікті жұмысым және маған соншалықты табыс әкелген фильм «Ғасыр дауылы». Бұл Фридрих Дюрренматттың «Келу» шығармасына көбірек ұқсайды. Мен енді қайталанатын, оралатын дүниелерді жақсы көре бастадым. Бұл туралы ой «11/22/63» ішінде көрінді деп ойлаймын. Джеймс Франко тамаша, ол оқиғаны қалай әңгімелеу керектігін біледі.

Телевидениедегі минисериалдар мен эпизодтардың барлығының әдеби нұсқасы бар. Мен өзімді алға қарай асыға тартамын, «Сындырар салмақтылық», «Жүретін өлік» – бұлардың барлығы өте керемет туынды деген бағасын алды, себебі оларда қызықтырғыш тартылыс пен тереңділік қатар тоғысқан болатын.

– Сіздің көптеген шығармаларыңыз әдеттегі жанр шекарасында әртүрлі ой туғызады. Жанр мәселесіне байланысты өзіңіз қалай ойлайсыз?

– Бұл бір мазаны кетіретін сұрақ. Себебі мен өзімді белгілі бір жанрдың жазушысы деп ойламаймын, бірақ мені халық хоррор, фантастикалық немесе ғылыми көркем әдебиеттің өкілі деп есептейді. Бұл сен жеңе алмайтын күрес. Таза әдебиет пен коммерциялық әдебиет арасындағы қарсылық немесе американдық әдебиет мен жанрлық әдебиеттегі қарсылық. Бұл қалай болмасын – сен шын мәнінде қаламайтын күрес. Жанр кітаптар тізімін жасайды, бұл маған да қатысты. Кездейсоқ оқырмандар «мен романтика оқығым келеді» дейді. Ия, бұл қазір өте қолжетімді, қалаған романтикалық шығарманы кез келген Harlequin сияқты сайттардан оңай табуға болады. «Күңгірттіктің елу көлеңкесі» таба алатын шығарсыз немесе жаңа сериалдарды, тіпті эротик романтиканы да таба аласыз. Бірақ сіз не үшін бұлардың арасынан «Ребекка» немесе «Уақыт саяхатшысының әйелі», болмаса «Жүз жылдық жалғыздық» сияқты романдарды көре алмайсыз. Олардың барлығында жанрлық әдебиеттің элементтері бар және бұл менің шығармаларыма да қатысты. Мен хоррор жанрындағы туындыларды оқып өстім: Роберт Блох, Ричард Мэтисон, Говард Филлипс Лавкрафт, Август Дерлет, осы авторлардың барлығын. Мен әлі күнге дейін осы жанрды сүйіп оқымын, бірақ шынында тамаша дүниелер табу өте қиын. Мен блогтардан мен интернет-магазиндерден барлық жанрды қарауға тырысам, бірақ бәрін бірдей оқымаймын. Мен өз басымда осы тақырыпта талас туғанда, Мерседес мырзаның идеясы ойыма оралады, сосын теледидар көремін. Мен Флоридадан осы Мэнге келіп, Оңтүстік Каролинаға тоқтаған кезде теледидардан бір оқиға туралы айтып жатқандарын көрдім. Әңгіме қыз бен жігіттің арасындағы кішкентай нәрседен басталып, үлкен қылмыстық қанды оқиғаға айналады. Сонда мен өзіме «Бұл нағыз детективті шығарманың желісіне арқау болар дүние, бірақ бұл менің қолымнан келмейді, мен жазатын оқиға емес» дедім. Біраз

жылдар өткеннен кейін сен артыңа қарағанда, өзің шындығында қалаған, бірақ жаза алмаған шығармалар болады. Себебі ол сенің жанрыңа сәйкес келмеген еді. Әрине, мен жанр маңызды емес деп айта аламын, бірақ бұл сенің әдебиеттегі дәрежеңді анықтайды ғой, сондықтан бұл маңызды екені анық. Қалай болмасын, мен алға қарай жылжи беремін және жаза беремін.

– Негізінен жанр туралы көп адам былай түсіндіреді, «жанр дегеніміз – бұл формаларды біріктіру, яғни шығарманың құрылымдар арқылы бір пішінге келуі». Ал бірақ «Қараңғы мұнараның ішінде» атты сериалыңызда сіздің жасаған характерлеріңіз шындығында ешқандай формаға бірікпейді. Бұл жерде сонда тек идеяны ойнату ғана жүзеге асып тұр ғой, солай ма?

– Бұл сұрағыңыз тағы жанр мәселесіне тіреліп тұрма? Жақсы, сіз айтқан сол көп халықтың ойы тап бір кішкентай баланың әңгімесіне ұқсайды. «Мен мына тамақты жегім келмейді, себебі бұған мен жақсы көрмейтін басқа бірдеңелер араласып кеткен».

– Дұрыс. Маған «Калланың қатігездігі» атты таууы қатты ұнайды.

– «Қараңғы мұнара» кітаптары түгелдей дерлік төбелес. Бұл жерде вестерн бағытындағы сюжет негізгі роль атқарады. Сондай-ақ фантастикалық және ғылыми көркем әдебиеттің де элементтері жетерлік. Мен колледж оқып жүргенде, бұл нәрселерден онша хабарым болмаған еді, кейін мифтік архетиппен жұмыс жасауды үйренгеннен кейін, мендегі қызығушылық одан да күшейе түсті. Егер менің қолымнан бір нәрсе келсе, қашан да мен оны жасап қалуға тырысатынымын.

– Сіз жақында «Нью-Йорк Таймсқа» жазушылар және өнімді табыс туралы эссе жаздыңыз. Бұл жерде сіз еңбек ету формасы туралы жаздыңыз ба? Өзіңіз қалай ойлайсыз, жалпы жазушылық кәсіптің басқа жұмыстардан қандай айырмашылығы бар?

– Жақсы, бұл мен үшін өте тамаша жұмыс. Себебі мен күніне небәрі 4 сағат жұмыс жасаймын. Жазушылар қандай уақытта болмасын әртүрлі болған. Энтони Троллоп әдетте таңғы сағат төртте орнынан тұрып, кешкі жетіге дейін жазумен айналысатын болған. Ал Джон Ирвинг күні бойы жазумен отырған. Бірақ мен олардың бұлайша қалай өмір сүргенін еш түсіне алмадым.

– Менің естуімше, Бальзак түні бойы жазумен айналысқан.

– Дұрыс. Томас Вулф та түні бойы жазумен отырған. Бірақ мен үшін қайта оралуды және қайта жазуды ба-

рынша азайту керек. Сонымен қатар қазір менің де жасым келіп қалды. Бұрын жас кезімде көп жазатын едім, тіпті әртүрлі екі жобада қатар жұмыс жасай беретінмін. Мен жаңа дүниелерімді кейде таңертең, кейде түнде жазамын. Олар бастапқыда ешқандай табыс әкелмейтін. Кейін көп кешікпей экранизацияланатын. Содан кейін ғана олар жақсы бірдеңеге айнала бастайды.

Менің новеллист екі ұлым бар. Джое Хилл және Овин Кинг. Джое балам маған көбірек ұқсайды. Ал Овин аздап жалқаулау, әлсіздеу және әсершіл. Джое қазір попкорннан бас тартуға тырысып жүр. Ол маған өзімнің 30 жастағы кезімді есіме түсіре береді.

– Сіз публицистикалық шығармаларыңызда суық қаруларды бақылау мен салық салушылар туралы да ойыңызды ашық білдірдіңіз. Өзіңіз қалай ойлайсыз, сіздің романдарыңыздан қандай да бір саяси идеяларды табуға бола ма?

– Мен халықтан ашынып жазған хаттарды жиі алып отырамын. Олардың айтқандары шындыққа жанасатын. Ия, мен бүкіл өмірімді бір нүктеге арнадым. Әрине, түгелдей демей-ақ қояйын. Әйелім сізге болашақта менің 1968 жылғы сайлауда Ричард Никсонға дауыс бергенімді айтатын болады, себебі ол өз жоспарында біздің әскерді Вьетнам территориясынан шығаруға

күш салатыны туралы баяндады. Ия, мен оның бұл уәдесіне сендім. Кейін ол маған былай деді. «Ия, менде ондай жоспар болғаны рас еді, бірақ бұл сайлаудан бұрын айтылмады». Мен оған дауыс бердім, оның жоспары болашақта көп нәрселерді шие-леністіруге әкелді. Мен радикалды көзқарастағы тұлғамын. Менің саяси ұстанымым қашан да жасалып жатқан әрекеттердің тек шынайы жағында болу. Мэн штатында өстім және менің бүкіл туыстарым республикашылдар

еді. Олар республикалық партияға және демократияға серт бергендер болатын. Мен Вьетнам тақырыбында радикалды жақтамын және бұл саяси ойында көп балалар да радикалды көзқараста болды. Мен әлі күнге дейін оң қанаттардың жасап жатқандарын түсіне алмаймын, ақылыма сыймайды. Бәрібір де бұл халық өзінің христиандық өкілі екенін білдіреді. Шынымды айтсам, мен әлі күнге дейін осы екі саяси стандартты түсіне алмай-ақ қойдым.

Мен республикалық кандидаттарды көргенде, жүйкем ерекше тозады, Бен Карсон оның өте нашары. Ол біздің ұлттық қарызымыз және болашақтағы ұрпағымызға сол қарызды қалай мұра ететініміз туралы айтады. Олардың басым көпшілігі осы бітпейтін қарыздар туралы және соған ие болар





балаларымыздың болашағы туралы ғана айта береді. Алайда ешқайсысы қоршаған ортаның қауіпсіздігі немесе біздің балаларымыз қорғаныш бет пердесін қалай киюі қажет сияқты дүниелерді ешқашан айтпайды. Бұл мені қатты мазалайды.

Мен жазуға отырған кезде кейіпкерлеріме байланысты екі жақты көзқарасты да ашып көрсетуге тырысам. Әр сюжет кейіпкер характерінен өрбиді. Бірақ мен деректі әдебиетке кіріскенде, бұл маңыздырақ болғандықтан, әдеттегідей былай айтуға болмайды: «Мені біреулердің мазалағанын қаламаймын немесе әлеуметтік желілерге кірмеймін». Мен халықты қорқытқым келмейді, бұлар жай ғана менің көзқарастарым. Ия, жоғарыда айтылған суық қаруларды бақылауға қатысты нәрсе де менің осы жеке көзқарастарымның қатарына кіреді. Мен Джон Леннонды өте жақсы көремін, ол: «Біз қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз», – дейді.

– Жақында сіз Барак Обаманың қолынан Өнердің Ұлттық Медалін алдыңыз. Бұл құрмет соңғы жылдары жазылған жұмыстарыңызға берілді және әдебиеттегі дәрежеңізді тағы да көтере түсті. Өзіңіз бұл туралы не айтасыз?

– Мен сахнада тұрғанда, шынында да, өзімнің жанрлық және халықтық жазушы екенімді сездім. Мен бұл туралы ешқашан айтқан емеспін және ешқашан түсіндіруге бағытталған немесе ашуға толы хаттар жазған емеспін. Қазір мен өзімді барынша сабырлыққа шақырып, әрі қарай жұмыс істеуге тырысудамын. Әрине, іштегіні сыртқа шығарып тұру маңызды ғой, бірақ сыни тұрғыдан келгенде, тыныштық сақтап, әрі қарай жұмыс жасаған әлдеқайда дұрыс деп есептелінеді. Әдебиет сынында егер сенің жазған дүниеңе адамдар бірдей көзқарас білдірсе, онда бұл жерде бір шикілік бар деген сөз, демек сенің жұмысында бір үлкен қателік жатыр. Сен қате бірдеңе жасап тұрып және жүйкең тозып былай дейсің: «Менікі дұрыс, ал қалғандарыңкі қате». Бірақ әдетте қайта қарағаннан кейін не болады, бәрі басқаша айтып шыға ке-

леді. Мен алғаш рет «Өртүрлі мезгілдерді» жарыққа шығардым, бұл төрт новелладан тұрды. Және әрбір шыққан сайын мен мынаны естідім: «Бұл өте жақсы кітап, тек мына бір жұмысты қоспағанда». Алайда бұлар ешқашан ұқсас оқиғалар болған емес.

Көп сыншылардың көзқарасында, әсіресе ескі көзқарастағы адамдардың ойында мен бұзушылардың қатарындамын. Хоррор жанрдағы жазушымын және сыншылар менен реал іздеп әуре болады. Және көп сыншылардың жұмыстары шынайы сын дәрежесіне жетпей қалады, содан кейін жоқ болады. Дәл қазіргі сыншылардың біразы менімен бірге өсті және олар менің шығармашылығыммен өте ерте кезден таныс болды. Олардың барлық жұмыстары мен еңбектерінде ашық ойлау тенденциясы бар. Бұл негізінде өте маңызды нәрсе.

Харольд Блум сияқты ескі мектептің сыншыларының көзқарастары менің жүйкеме тиеді. Олар қазіргі Америка мәдениетін жақсы түсіне алмайтындай көрінеді. Олар әдебиеттегі эволюция Шервуд Андерсонның кезеңімен тоқтап қалғандай қабылдайды. Ия, одан әрі 1953 жылға дейінгі шыққан Фолкнер және Хемингуэйді де мойындайды. Кезінде Джон Стайнбек те тамаша кітаптарымен сыншылардың үмітін ақтай алмаған. Теодор Драйзер американ трагедиясы туралы айтса, олар тек былай дейді: «Ол проза стилін ластаушы». Ия, ол сондай болған! Оның «Керри әпкесін» немесе «Америка трагедиясын» ешкім тарихтан алып тастай алмады. Бұлар Америка әдебиетінің нағыз жауһарлары болып қала берді. Немесе Фрэнк Норрис туралы ешкім айтпайды, бірақ артында қаншама тамаша кітаптар қалды. Стивен Крейннің жағдайы да дәл солай болған, ешбір сыншының ықыласына бөленбеген, себебі ол пролетариат жазушы болған. Мен түсім көк. Мен көк түстілердің ішінен шықтым. Мен ресторанға бармадым, ол жерде мейлінше сақ болу керек ғой. Мен киім немесе басқа заттарды да алмадым. Менің қолымнан оқу келді. Мен Америка әдебиетінде жұмыс жасап жатқан әрбір тұлғаны қатты құрметтеймін. Филип Рот пен Бернард Маламуд – мен шындығында бас иетін тамаша жандар. Харольд Блум сияқты сыншылармен келісе алмаймын, себебі олар Джим Томпсонды немесе Росс Макдональдты өз дәрежелерінде бағалай алмады.

Бұл бір бинго ойыны сияқты. Әрине, қалай да болмасын, мен бұл құрметті сыйлыққа ие болғаным өте қуаныштымын. Әдебиеттегі сыйлықтар жазушыларға әрі қарай жүруіне үлкен жігер береді. Харольд Блум сияқтылар бұған да қарсы. Бірақ бәрі өз жалғасын таба береді. Бұл үлкен дискуссия тудыратын мәселе.


Сұхбаттасқан:

Гарвард университеті әдебиет тарихының оқытушысы Анджела Аллан

25. 10. 2015

LARB/ The Los Angeles Review of Books


ДЭН БРАУНМЕН «ДА ВИНЧИ КОДЫ» ЖАЙЫНДА СҰХБАТ



Сіздің бұрынғы жазылған шығармаларыңызбен әлі таныс емес оқырмандарыңызға «Да Винчи кодын» қалай сипаттап бере аласыз?

«Да Винчи коды» романында Гарвардтық танымал символист Роберт Лэнгдонның Лувр мұражайындағы Да Винчидің картинасына байланысты құпия символдарды зерттеуі туралы оқиғалар баяндалады. Ол барлық уақытта адамзат үшін аса маңызды құпияның кіліттенген кодын табуды мақсат етеді. Шешім іздеу жолында ол көптеген нұсқалардың ішінен ада-сып жүріп тапқан жалғыз және соңғы жолы осы шығарманың оқиғасына арқау болады. Бұл романда барлық тарихи фактілер мен деректер, нысанаға алынған картина тарихы және жасырын ритуалдар сияқты шығармаға арқау болған әрбір нәрсе өте ұқыптылықпен пайдаланылды. Бұл романда негізінен Да Винчидің атақты суреттеріндегі құпия кодтар ашылады.

Сіздің болашақта шығатын кітаптарыңыздан тағы осы Роберт Лэнгдонның бейнесін көре аламыз ба?



Әрине, бұл характер менің көп жылдар бойы ізденісте жүріп тапқан образым болды. Оның символдар мен иконографияға деген қызығушылығы оған экзотикалық тарихи орындардан таңғажайып, мәңгілік оқиғалар тізбегін ашуына мүмкіндік берді. Қазір менің ойымда Роберт Лэнгдонның ашқалы жатқан кезекті құпия орындарының эскизы бар.

Ия, қазір мен «Да Винчи коды» сериясының жалғасын жазу үстіндемін. Бұл романда оқиға Роберттің Америка топырағындағы кейбір құпиялармен қақтығысып қалуымен басталады. Бұл шығарма біздің ұлттық астанамыздың жасырын тарихын ашуға негізделеді.

Сіздің болашақтағы кітаптарыңыздан культтық құпияларға байланысты, мысалы, Нумерология, Пифагорлық түсініктер немесе Каббализмге байланысты тағы да осындай көркем зерттеулерге құрылған дүниелер көре аламызба?

Бұл тақырыптар өте тамаша. Шындығында, менің Лэнгдоным бұндай жасырын жатқан дүниелерді терең зерттеуге міндетті түрде баратын болады. Бірақ, есіңізде болса осы «Да Винчи кодында» кейіпкердің Каббалистикалық нумерологияны ашқан сахнасы бар. Бұл кітап сондай -ақ басқа да секталардың осыған ұқсас өте терең жасырылған құпия кодтарын ашуға тырысады, кейін оқығанда қызық болмай қалмас үшін мен олардың есімдерін қазірше айтпай -ақ қояйын.

Жалпы, «Да Винчи Коды» шығармасы сіздің осы тақырыпқа ерекше ынтаңыздан туған дүние, бірақ жоғарыда айтылып өткен жасырын кодтар мен символдар немесе деректер шындығында дәл қазір біздің қарапайым өмірімізде ешқандай оқиға жасап жатқан жоқ ғой деп ойламайсыз ба?

Мен осы романды жазу үстінде қаншама тарихи деректермен зерттеу жұмысын жасадым, сонда менің түсінгенім жалғыз нәрсе ол біздің білеміз деп ойлайтын тарих негізгі шындықтан әлдеқайда алыс жатыр екен. Ал шынайы болмыстың кіліті ол біздің айналамыздағы музыка, бейнелеу, архитектура өнері мен аңыздарында жатыр. Роберт Лэнгдонның сөзімен айтқанда «Құпиялар әрбір жерде кездеседі.»

Егер, оқырмандарыңыз сіздің бүкіл шығармаларыңызға арқау болған Массондық құпия ұйымдар туралы тереңірек білуді қаласа, сіз оларға қандай кітаптар ұсынар едіңіз?

Олар туралы жазылған кітаптар өте көп, бірақ ең бірінші қайсысынан бастау керектігін анықтау өте қиын, себебі әркімнің талғамы мен деңгейі әртүрлі ғой. Және Массондықтар тақырыбы өте терең түсінуді талап етеді, мен оқырмандардың бауырластықтар ту-

ралы тек тобырлық деңгейге арналып жазылған сапасыз жұмыстарға арандатылып қалуынан қатты алаңдаймын. Мен жинақы және таза ақпараттар беретін «Массондардың құрылуы» дегенді ғана ұсына аламын. Егер сіз расында бауырластыққа сенетін болсаңыз онда кейде біраз нәрселерді жасырып қалуға тура келеді.

Өзіңіз дәл қазір қандай авторларды оқып жүрсіз? Кім әсер етіп жүр?

Бұл сұрақ маған өте оғаштау естіледі, себебі мен көркем шығармаларды мүлде сирек оқимын. Мен жазып жатқан дүниелеріме байланысты көбінесе уақытымды деректі әдебиетке арнаймын. Мысалы, тарихи оқиғалар, өмірбаяндар немесе көне жазулардың аудармалары сияқты мүмкіндігінше менің болашақ туындыма ақпарат болатын дүниелер оқимын. Бірақ мені аса таңғалдыратын және шабыттандыратын көркем әдебиеттің өкілдері бар. Олар Роберт Ладлэм және Джон Стейнбек. Роберттің интригасы, ал, Джонның суреттеуі қызықтырады. Сонымен қатар, әрине, Шекспир пьесалары бар.

Қандай кітап сіздің өміріңізде ерекше әсер етті және не үшін?

Мен колледжді бітіргенге дейін тек ғана классикалық бағыттағы ескі шығармаларды оқып жүрдім. 1994 жылы Таити аралына демалыс алып, жағажайда жүргенімде ойламаған жерден қолыма Сидни Шелдонның «Ақыр заман» романы түсті. Бірінші бетін аштым, екінші бетін, содан кейін келесісін... Бас ала алмай оқып отырып толық бір сағаттың ішінде аяқтап тастадым. Өзіме қатты таңғалып тұрып сол сәтте басыма мынандай ой келді, «Ей, мен де бұны жаза аламын.» Сөйтіп, мен үйге орала сала алғашқы романым «Сандық бекіністі» бастап кеттім. Ол 1996 жылы жарық көрді.

Сіздің сүйікті 10 кітабыңыз туралы біле аламызба?

«Тышқандар мен адамдар» (Джон Стейнбек)- Қарапайым, жұмбақтау, өткір. Жас жазушы үшін әрбір тарауы әсерлі суреттеу тәсіліне баулитын үлкен бір шеберлік сағаты сияқты.

«Гёдель, Эшер, Бах» (Дуглас Хофштадтер)- Мен бұл шығарманың тек 3% ғана сүйсініп отырып түсіндім. «Каин және Авель» (Джеффри Арчер)- Арчердың шығарманы баяндау тәсілінсіз оқырманды қалай ұзақ ұстап отыратынына мен әлі таңғалумен келемін.

«Плам аралы» (Нелсон Демилл) - Ол бұл шығармасы арқылы оқырмандарына шындықтың шебер суреттелуі мен кекесін юморды және тамаша авторлық көзқарасты қалдырды.

«Борна идентификациясы» (Роберт Ладлэм)- Бұл ертерек шыққан өте күрделі, терең туынды менің алғаш рет триллер жанрына деген қызығушылығымды оятқан болатын.

«Тыныштықтың шуы» (Уильям Шекспир)- Мен ағылшын мұғалімі болып және осы туралы оқушыларыма сабақ берместен бұрын бұл пьесаның қандай тамаша туынды екенін түсінбей келген едім. Бұны оқып отырып бір басы артық мылжың диалог таппайсыз.

«Амбиграммалар және амбиграмма өнеріндегі сәулелер» пьесасы (Джон Лэнгдон)- Өртіс әрі философ Джон Лэнгдон біздің кемеңгер тұлғаларымыздың бірі. Оның бұл кітабы менің өнер, символдар мен сим-

метриялар туралы бұрынғы ойымды мүлде өзгертіп жіберді.

«Шифрланған кодтар & басқа да құпиялар & заңсыз ұйымдар» (Фред Риксон)

-Бұл кітап өнер, тарих, ғылым, криптология философиясының энциклопедиялық феномены.

«Жұмбақ сарай» (Джеймс Бэмфорд)- Бұл кітап жасырын ұйым Америкалық премьерлердің интеллектуальді агенті туралы болғандықтан ең сүйсініп оқитын кітаптарымның бірі.

«Стильдің элементтері» (У. Струнк П. Уайт)- Себебі барлық грамматикалық ережелер мен оқылулар кімнің есінде толықтай қалды?

Сүйікті фильмдеріңіз?

Менің қай уақытта да ең сүйікті фильмдерім, олар: «Фантазия», «Өмір қандай тамаша», «Энни Холл», «Ро-мео мен Джульетта». Әрине, егер мүмкіндік болып жатса, попкорн жеп отырып «Индиана Джонс» немесе «Алқызыл барыс» кейіпкерлермен бірге уақыт өткізген тіпті керемет ғой.

Сүйікті музыкаңыз?

Мен жақында испаниялық тамаша орындаушы Франко Де Витаны тауып алдым. Сосын Gipsy Kings, Сара Маклахан және өте жас әрі талантты әнші Ванесса Карлтонды тыңдаймын.

Сіздің сыйлық ретінде алғыңыз келетін немесе біреуге сыйлағыңыз келетін сүйікті кітабыңыз қандай?

Бұл бір нердтың әңгімесі болар, бірақ, меніңше, тері мұқабалы Оксфордтық ағылшын сөздігін сыйлыққа беру өте қымбат сыйлық деп ойлаймын.

Бізге өзіңіз туралы, «біле жүрген жақсы» деп есептейтін 3 фактыны айтып бере аласыз ба? Әрине, шығармашылық тұрғыдан, біріншіден, сіздің алғашқы мамандығыңыз қандай еді? Сізді не жазу шабыттандырады? Және ең соңғы сұрақ, сіздің өмір жолыңызда естен кетпестей көңілді сәт сыйлаған оқиғалар?

Егер бір күн дағдылы уақытым таңғы 4:00 тұрып, жұмыс үстелімде бола алмай қалсам, мені күні бойы басқаша бір сағыныш сезімі басады да тұрады. Алдымен тәңертең ерте тұра салып, қысқа таңғы жаттығулар жасаумен айналысамын. Бұл жаттығулар адамның қантамыр айналым жүйесіне өте пайдалы. Тәңертеңгі бұндай демалыс менің ойымда жүрген сюжеттердің жаңа өзгерістерге қарай шешім табуына көп көмектеседі.

Оқырмандарыңыздың өзіңіз туралы тағы не білгенін қалайсыз? Мысалы, сізге не ұнайды немесе ұнамайды, не қызықтырады, хоббиыңыз қандай?

Мен жақында теннис ойының фанаты болдым (және әр күн сайын түстен кейін жұмыс аяқталғанда өзімде ойнап тұрамын). Егер алаңнан біреу сыртқа шығып қалса онда топ спин сол жаққа қарай лақтырылады.

Ойыңызбен бөліскеніңізге рахмет!

**Сұхбат BookBrowse сайтынан алынды.
Аударған: Мерей Қосын**

